

А.Б. Никамбекова*

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: aselinanb@gmail.com)*

«Адам хроно-топосы» еңбегіндегі сөз бен жанның хроно-топосы

Мақалада философ ғалым Б.Е. Колумбаевтың «Адам хроно-топосы» атты жаңа ғылыми еңбегіне талдау жасалған. Ғалым аталған еңбегінде адам болмысы, әлем, кеңістік пен уақыт, дүниетаным мәселелерін өте терең қарастырған. Автор мақалада қазақ философиясындағы осындай күрделі мәселелерді жан-жақты зерттеуге арналған «Адам хроно-топосы» еңбегінің маңыздылығын сөз еткен. Адамзаттың шынайы болмысы туралы ойлар қашанда да қоғамда өзекті болып саналады. «Адам хроно-топосы» еңбегіндегі адамның жаны мен тәні, рухы, санасы, шектелген уақыттағы шексіз мүмкіндіктері қазақ халқының дүниетанымдық еркіндігін сезіндіреді. Б.Е. Колумбаев жаратылыс, уақыт, кеңістік, таным, сана, дүниеге көзқарас сияқты көптеген философиялық ұғымдарға өзгеше интерпретация берген. Адамзат баласының өмір жолында туындайтын мыңдаған сұрақтарға жауап беруге тырысады. Адам баласы құбылыс па әлде мән бе, оның жанын мазалайтын түрлі сауалдардың жауабын беруге ғылым неге дәрменсіз. Аталған еңбекте адамзатты дұрыс ойлауға үйрету арқылы адам болмысының мәнділігін ашуға болатыны айтылған. Яғни, дүниені тану арқылы адам өз жанының қалауына қол жеткізеді. Ақиқаттың аспектілері адам тұтас әлемнің кішкентай ғана бөлшегі, күнаһар пенде, болмашы тіршілік иесі екендігін көрсетеді. «Адам хроно-топосы» еңбегі арқылы ол адам баласы рухани кемелдікке, тазалыққа, жақсылыққа, ар-ұждан, ар-намысы биік, ерлік жасауға ұмтылған сайын ақиқатқа жақындай түсетіндігін түсіндіруге тырысады. Ғалымның осы еңбегі философия ғылымындағы үлкен жаңалық деп есептейміз. Себебі, философиялық тереңдікке толы еңбектің мазмұнында адам мен әлемнің қатынасы, өмір сүру мен мәнді өмір сүрудің жолдары айтылған.

Кілт сөздер: дүниеге көзқарас, хроно-топос, адам болмысы, уақыт, кеңістік, рух, еркін ақыл, таным, сана.

Kipicne

Қазақ халқының философиялық танымы ғылымда проблема ретінде қарастырылып, талдау жасалынған бірде-бір ауқымды еңбекті кездестірмейміз. Әр басылымдарда кішігірім мақала немесе монографиялық жұмыстарда арагидік пайдаланылғаны болмаса, жалпы талдау мен өз керегінше жаратудан ары аса алмады. Жалпылықтан жекеге өтпегеннен кейін ұлттық болмысымыз, мінез бен рухымыз ашылмай келеді. Патриоттық тәрбие, ұлттық рух, мемлекет мүддесі деп жалпылама ұрандатқанның пайда бермегенін тәуелсіздік алғаннан бергі 30 жыл өзі-ақ көрсетіп берді. Бұған дәлел шетелге бір-жола кетіп жатқан жастар.

Қазақстанның негізгі халқы қазақ, ендеше әр қазақты жеке зерттеу керек. Қазақтың ішкі дүниесін ақтару қажет. Қазақ кім, қандай, дүниені қалай қабылдайды, адамгершілікті қалай түсінеді деген сұрақтарға жауап іздеу қазақ философиясындағы басты сұрақтардың біріне айналуы қажет. Өр мінезді ержүрек қазақтан жасық, жағымпаз сорлыға қалай айналды? Жалпы қазақ ұлты қандай деген сұрақ әрбір ойлы азаматты толғандырмай қоймасы анық. Өз ішімізге үңіле білсек, озық елдердің қатарында болар ма едік? Мысалға, Оңтүстік Кореяны келтірсек те жетіп жатыр. XX ғ. 50–60 жылдарында ең кедей мемлекеттер қатарында болған ел жылдам дами бастады. Бұның бәрі экономикалық саясатты сауатты жүргізудің пайдасы деп экономистер баға беріп жатыр. Түбін тексеріп көрсе, әр кәрістің өзінің ұлттық мінезін жоғалтпауы, ауытқымауы деп түсіндірерме еді кім біледі?!

Бүгінгі қазақ пен бұрынғы қазақтың айырмашылығы қаншалықты үлкен? Кир патшаны жеңген сақ, Қытайды билеген ғұн, Еуропаны жаулаған Алтын Орда мен Жоңғар мемлекетін жер бетінен жойып жіберген қазақтың репрессиядан, соғыстан, аштықтан, жала мен тыйымнан тапталған рухының қандай айырмашылығы мен ұқсастығы бар? Ұлттық кодты табу, сананы жаңғырту, тарихи сананы қайтару деп ұрандатқанмен не табамыз? Бұл мәселенің шешімі ұлттық дүниетаным мен философиялық категорияларды бір жүйеге келтіріп алмай бәрі бос бекершілік. Шәкәрім айтқандай «Келдім қайдан? Қайтсе пайдам? Өлгеннен соң не болам?» деп ең керекті үш сұрақпен жан құлағын бұрап қою

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: aselinanb@gmail.com.

керек [1; 118]. Қазақ халқы үш ғасырлық отарлық езгіде өз болмысын өз кеңістігінде жоғалтып алды. Енді оны табу үшін басын тауға да, тасқа да соғуда.

Зерттеу әдістері

Жұмыс барысында қазақ философиясының дамуындағы «Адам хроно-топосы» еңбегі көлемді ғана емес үлкен жаңалық екенін түсіндіруге талпындық. «Адам хроно-топосының» қазақ философиясында адам болмысын жан-жақты күрделі мәселеден қарапайым ұғымдарға біртіндеп өте отырып жазылған алғашқы ірі шығарма деп есептейміз. Философ ғалым Б.Е. Колумбаевтың аталған еңбегіндегі адам өзін-өзі тани бастағанда шынайы болмысы көрініс табатынын және оның қоғамға, заманға ғана емес болашаққа пайда келтіретіні туралы түпкі идеясын қарастырудың маңыздылығына тоқталдық. Мақалада талдау, саралау, бақылау және интерпретация жасау әдістері қолданылды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Қазақ философиясында жазылған іргелі еңбектерді тәуелсіздік алғанға дейін және алғаннан кейін деп жалпы екі кезеңге бөлеміз. Мұның ішінде әрине ең өзекті еңбектер қатарына тәуелсіздік алғаннан кейінгі еңбектерді жатқызамыз. Солардың ішінде оқылымы көп Ғ. Есімнің «Адамзат», «Сана болмысы (саясат пен мәдениет туралы ойлар)», «Санадағы таңбалар (философиялық проза), Қ. Нұрланова «Ауызша мәдениеттің философиясы», Д.М. Жазықбаев «Өзгеріс философиясы», Ә. Өмірбекова «Қазақтану және жаңару философиясы», С. Нұрмұратов «Ұлттық болмыс пен ұлттық сана», «Рухани құндылықтар әлемі: элеуметтік философиялық талдау» және т.б. көптеген еңбектер жазылды. «Адам әлемі» атты философиялық және қоғамдық гуманитарлық журналда әр түрлі философиялық мәселелер көтеріліп тұрады. Алайда философиялық мәтіні бар деген кез келген еңбектерді оқып отырып философияның бұлағынан шөліңізді қандыра алмай тек тамшыларын ғана сезінеміз. Нағыз философиялық шығарма санаға соққы жасап есенгірете алатын дәрежеде болса ғана мойындауға болар еді. Алайда қазіргі философия ғылымы дерек беру, фактілер келтіру, жалпылама талдау, синтез, бақылау мен анықтау әдістерінен ғана тұрады. Осындай сипаттағы еңбектермен қазақ өзіне Шәкәрім айтқан ең керекті үш сұрақты қоюға деңгейі жетпейді. Философиялық еңбектерге деген талап қай заманда да жоғары, ол адамның рухын көтере алатын мәнге ие.

Жақында қолыма Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры Б.Е. Колумбаевтың «Адам хроно-топосы» еңбегі тиді. Алғашқы күні екі бетін оқып «қиын екен» деп қоя салғаным рас еді. Санаға ауыр тигені соншалық біразға дейін беттей алмадым. Бұл рухани деңгейімнің төмендігінен екенін түсіндім. Студент кезімдегі Яссауи мен Шәкәрімнің, М. Хайдеггер мен Ф. Ницшенің кітаптарын санамен емес, тек көзбен оқып ұғына алмағаным есіме түсті. Философиялық трактаттың бір сөйлемі көркем әдебиеттің бір парағындай күрделі болатыны белгілі. Сондықтан да «Адам хроно-топосы» еңбегінің тек бір бөлімін оқып шықсаңыз «шынында да солай екен ау» деп әлемге көзіңіз шайдай ашылғандай күй кешесіз. Ең бастысы осы уақытқа дейінгі адам жаратылысы жайлы қалыптасқан көзқарастарыңыздың күл-талқаны шығып, жаңа бір белеске көтерілесіз.

Жоғарыда атап өткеніміздей, қазақ философиясында адам туралы жазылған еңбектер өте аз. Сан бар жерде сапа болады, салыстырып ең жақсысын қоғам өзі таңдап алады. Соңғы жылдардағы жазылған еңбектердің ішіндегі ең көлемдісі және мазмұны тікелей адам мәселесіне бағытталған ірі еңбек деп философ ғалым Б.Е. Колумбаевтың «Адам хроно-топосы» еңбегін батыл түрде айта аламыз. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің философия және психология факультетінде көп жылдар бойы еңбек етіп келе жатқан профессордың бұған дейін «Үшінші адам» еңбегі жарық көрген болатын. Ғалымның «Адам хроно-топосы» монографиялық еңбегі философия саласындағы тың әрі өзгеше еңбек. Бұл кітапты толық талдап шығу үшін біраз еңбектену қажет. Көне грек тілінен аударғанда «хронос» — уақыт, «топос» — орын деген мағынаны білдіреді. Бұл терминді енгізген А.А. Ухтомский «хронотоп уақыт пен кеңістіктің өзара координаттарының байланысы» деп анықтама берген екен. Ғалым кітаптың алғысөзі ретінде Н.В. Гогольдің «Өзімнен басқаны жаза алмаймын» деген цитатасын қолданған. Осыдан-ақ автордың ой-толғамдарының эмпирикалық-онтологиялық желісін аңдауға болады. Жастар қоғамның қозғаушы күші болса, студент жастармен бірталай жыл үздіксіз еңбектене жүріп саналарын оятуға күш салып, жанын берген ұстаздың көз алдынан қанша адамның болмысы өтті, сараланды, жіктелді, ойға жетеледі. Осының нәтижесінде қазақ философиясы бір сатыға көтерілді.

Б.Е. Колумбаевтың «Адам хроно-топосы» еңбегінің терең мазмұнын түсіну үшін классикалық неміс философиясын еске түсіру керек. Себебі кітапта М. Хайдеггер, Ф.Ницше, И.Кант, Гегель,

А.Швейцер, И. Хейзинга, О. Гассет, К. Ясперс еңбектеріне көп сілтеме берілген. Қазақтың ұлттық болмысына қайта оралуды қозғағаннан кейін классикалық неміс философиясы неліктен әлемге белгілі болып қана қоймай көптеген елдердің идеологиясына, саясатына, мәдениеті мен руханиятына айналды деген заңды сұрақ туындайды.

Философия тарихында ХХ ғасырдың алатын орны ерекше. Адамзат тарихында болмаған ғылыми прогресс болды. Еуропа елдерінің дамуына осы аталған философтардың еңбектері тікелей әсер етті. Себебі, бұл еңбектерді оқып көкірек сәулесіне бекіткен адам өз болмысының қайталанбайтындығын, уақыттың қадірін, дәл өзіндей екінші экзemplярдан және берілген мүмкіндіктердің қайтарымы жоқ екенін санасына сіңіре отырып, өзінің жеке тұлғалық қасиеттерін ашады. Осылайша «бес күнге келген қонақ» өмірін пайдалы өткізуге тырысады.

Философияның көп қызметтерінің бірі адам санасын ояту. Жоғарыда аталған философтар тек өз замандастарын ғана емес болашаққа да қызмет етіп жатыр. Адам жанын түсіну қаншалықты қиын болса, мұндай күрделі философиялық трактаттарды түсіну соншалықты қиын. Егер арнайы дайындық болмаса сана қарама-қайшылыққа ұшырауы мүмкін. Салыстырмалы түрде айтсақ, шахмат ойнау білмейтін адам мен гроссмейстерді сайысқа түсіру тәрізді. Қай фигураны қалай жүрерін білмей абдырап отырған адамды елестетіп көріңізші немесе бастауыш сынып оқушысының И.Канттың кітабын ашып оқып отырғанын. Бұл жерде айтқымыз келгені әлемдегі үздік философиялық шығармалар деп танылған классикалық неміс философиясын тек қана кәсіби философ ғалымдар түсіндіре алады. Солардың бірі Б.Е. Колумбаев. Оның «Хроно-топос» еңбегінің маңыздылығы интерпретация жасау емес, биік деңгейдегі дүниетанымдық еңбектердегі идеялардың автордың қазақы санасымен орыс тілінде берілуі. Ол «Мына жақтан орысша ана жақтан қазақша сенің ойларыңда кездесу. Бір ой туралы екі тілмен ұстап алу... нені? Тек келтірілген ойды ма? Жоқ мұнда ұсталынатын (белгілетін, бекітілетін, анықталатын) болмыс емес пе?! Анау Хайдеггерді қолдасақ: «Тіл болмыстың үйі» дегені бар. Сонда енді тек қана бір тіл жоқ. Көп тіл бір «болмыс үйіндегідей» өмір сүріп жатыр. Көрдің бе оларды? Иә кездеседі ғой, бар ғой. Ал енді тіл табу дегеніміз болмысты бірегейлі, бір «тілдеп» анықтауға болатын сияқты. Сонда ол барлық тілдердің тілі емес пе?» дейді [2; 26]. Ғалым оқырманымен осылайша тең дәрежеде тілсіз сөйлесе отырып биік шырларға қарай жетелеп отырады.

«Адам хроно-топосы» сыртқы келбеті орыс тілді болса да, ішкі әлемінде қазақтың ұлттық дүниетанымдық көзқарасы тұнып тұр. Бұл әсіресе философтың қас-қағым өмірде кіші проблемалардың үлкен проблемаға айналуына, адамдардың немқұрайлығына қынжылғанынан, еңбектің эмоцияға беріліп жазылғандығынан байқауға болады. Б.Е. Колумбаевтың аталған философиялық еңбегінде толықтай саяси-элеуметтік мәселелердің жатқандығын көреміз. Философия ғылымының ең күрделі саласы — саяси философия. Осы еңбектегі саяси-философиялық астарлардың болашаққа серпіліс болары сөзсіз. Ойшыл біздің дүниеқоңызданған кез келген қылмысты ақтап алуға болатын заманда өмір сүріп отырғанымызды айтады. Бір жынысты некелерді заңдастыру жайлы ақпараттық қоғамның адамзатқа пайда берері көп пе әлде зияны көп пе деген сұрақты қойып, адамзат үшін ар-ұяттың құнсызданып бара жатқанына налиды.

Ойшыл бұл еңбегін философияның тасқын ойларына шабыттанып жойқын толқынмен жазғаны байқалып тұр. Мысалы М. Дулатовтың «Оян, қазақ» поэмасының авторы ретінде М. Жұмабаев деп көрсеткен. Әрине әдебиеттанушылар үшін өрескел қателік болып есептеледі, алайда автордың еңбегі сол күйінде өзгертулер мен түзетулер жасалынбай санада піскен күйінде баспаға шығып кеткендігі байқалады. Бұл суретшінің ғажап пейзажды көріп тоқтай қалып, бірден артық қағаз бен бояу құртпастан салып шыққаны сияқты нәрсе.

Бір қарағанда философтың ойлары шашыраңқы, қарама-қайшылыққа толы таусылмас сұрақтарға жауап іздеп қиналғандай көрінуі мүмкін. Ал егер мысалға И. Канттың кез келген бір еңбегін оқып сонан соң «Адам хроно-топосын оқысаңыз бұл еңбекте адамды қарама-қайшылыққа ұрындыратын бірде-бір артық не кем сөздің жоқтығын көреміз. Әр сөйлемінде терең идея жатыр. Автордың сөзімен айтсақ: «Иә, «ғалымдар» көбірек, бірақ философия ілім емес, тіпті ғылым емес, біздің әлемдегі психикалық және рухани күй. Бірақ бұқаралық қоғам философияны әлемнің шетіне итермелейді, ал философ өзін маргиналдылыққа ұшыратады. Сан қыры бар ма? Шарасыз жағдайда екендігі шындық. Постмодернизм осылай көрініс табады. Әрине, «таланттар провинцияларда туады, Парижге атақ үшін келеді» (Бальзак). Бірақ қазір ауылдар да интернеттің құрсауында. Даналыққа деген қандай махаббат бар, ол кімге керек?! Ал адамдар арасындағы жатырқау мен жатсыну шекарасы алыстап бара жатыр ма?» [2; 85]. Ойшылдың оқытушылық тәжірибесімен бөліскенінің өзі қоғамдағы адамдардың жан дүниесінен үшінші адамды үнемі іздеумен жүретіндігі байқалады. Ол дәрісте жанын салып, ішкі дүние-

сін ақтарып, аунатып, төңкеріп, шайқап бар өмірлік тәжірибесімен, білгенімен бөліскенде еш студенттің көзінен ұқтым деген түрді көрмейтіндігін, немқұрайлылықтың көлемінің күннен-күнге үлкейіп бара жатқандығын айтады. Осы жерде адамзат жылдан жылға ақылды болып бара ма, әлде ақымақ болып бара ма деген сұрақ қояды. Бұл сұрақты Шәкәрім білімдіге бес сауалында: «Заман өткен сайын адамның адамшылығы түзеліп бара жатыр ма, бұзылып бара жатыр ма» деп қойған болатын. Ойшылдар не себепті рухани жағынан жалғыздықтың күйін кешіп жүреді. Неліктен тап өзі сияқты қоғамда болып жатқан жайттарға немқұрайлы қарай алмайтын адамдармен тіл табыса алмайды. Ол «Уақыт абсолютті, кеңістік салыстырмалы, ол әрқашан «қисық айна» болып табылады, оған уақыт сыймайды, бірақ сыртқа айналады. Сондықтан да қарама қайшылық болады. Оны қалай өлшеуге тырыссақ та өмірде болсын, күнделікті сөз қолданыстарында, дәуірлер бойынша тарихта, аспан мен жердің арасында, ғаламда, өзіне теңсіз, жеткіліксіз, субстанцияланады. Ал оны түсіну адам үшін ешқашан мүмкін емес және ол үшін ешқашан қанағаттанарлықтай түсінікті болмайды» деп уақытқа осылайша керемет анықтама береді [2; 65]. Шынымен де уақыт өлшеуі жоқ қарама-қайшылықты ұғым. Кей адамдар рухани дамымай бір орында тұрып қалады, кейбірі алға қарай озады, ал бәзбіреулерге тіпті уақыттың өтіп жатқаны маңызды емес. Абайша айтсақ «сағаттың тықылдағы емес ермек». С. Далидің еріп ағып жатқан сағаттар туралы «Жадтың тұрақтылығы» картинасын еске түсіріп көріңіз.

Б.Е. Колумбаевтың неміс ойшылы М.Хайдеггердің «Уақыт пен болмыс» еңбегіне көп сүйене отырып жазғанын байқау аса қиын емес. Жазылу стилистикасында да ұқсастық бар, мысалы қарапайым ұғымдардан бастап біртіндеп күрделі ұғымдарға ауыса отырып жазу немесе көп сұрақтарға бір ғана ұтымды жауап беру. Алайда бұл философиялық еңбектің ең маңызды факторы ұлттық дүниетанымымызға бірден тікелей әсер бере алатындығы. М. Хайдеггер «Бар болу — бұл басқа тіршілік иелерінің арасында ғана болмайтын болмыс», — дей отыра адам баласы өз болмысы арқылы әлем құпиясын ашу мүмкіндігіне ие деген ойды айтады [3; 14]. Ендеше адам өз тағдырына өзі ие. Екі жоқтың арасында бар болу адам баласына берілген сый. Б.Е. Колумбаев адамды екі дүниенің ортасындағы «делдал» деп түсіндіреді. «Делдал» болу үшін тек бар болу жеткіліксіз, яғни болмыстың ішінде өмір сүру қозғалысы.

Осы жерде турасын айту керек ғалым неміс ойшылы М. Хайдеггерден көп мысал келтіргенімен өзінің дербес позициясын жоғалтпай, идеялық жетегінде кетпеген. «Адам хроно-топосында» қазақ дүниетанымындағы ойшылдықтың терең қатпарларына үңіле отырып, тақырыптан артық не кемі кеткен сөз жоқ. Бір ойы бір ойына жалғасып үлкен антропологиялық сұрақтарға келіп тіреледі. Автор метафизиканың заңдылықтарына ұрынбаған. Жалпақ тілмен айтар болсақ «Адам хроно-топосы» еңбегі адам мен әлем мәселесінде адамды жерде қыбырлаған пендеден ғарыштық таза алғашқы санасына дейінгі күрделі мәселені көтереді.

Нағыз философ адамдарды ойлануға үйретеді. Егер философиялық еңбектер ойланудан гөрі нақтылыққа немесе іс-әрекетке үйретсе, философиядан гөрі теология немесе догматизм деп есептей беріңіз. Шәкәрім «Пайғамбар айтты десе де, ақыл сенбей сенбеңіз» деген екен. Бұл еңбектегі ерекшелік автордың үнемі оқырманын диалогқа шақыра отырып үнсіз тілдесу әдісі бар. Бұдан біз ғалымның көп жылғы ұстаздық тәжірибесін аңғарып қана қоймай, адам ойының уақыт пен кеңістікті бағындыра отырып еркін қозғала алатындығын сеземіз. Мұндай деңгейге жету үшін көп кітап оқу жеткіліксіз болар, ол үшін философияны шексіз сүю керек шығар. Себебі, «Адам хроно-топосында» қазақтың «дүние ойлап тұрсам шолақ екен, адамдар бір-біріне қонақ екен», «өз-өзіңді жаттай сыйла, жат жанынан түңілісін» деген қазақ даналығы тұнып тұр. Қарапайым оқырман түгіл философ мамандар еңсере алмай жүрген М. Хайдеггердің «Болмыс пен уақыт» еңбегін Б.Е. Колумбаевтай кәсіби философтың пайымдауымен, даралығымен байланыстыра алатындығымыз қазақ философиясындағы үлкен жетістік. «Адам хроно-топосы» ешбір философиялық трактаттардағы ойды қайталамайды, тек талдау жүргізе отырып өз идеясын алға тартады. Бұл кітап ғажайып күйге еніп, ләззат алып бір демде оқылып шығатын көркем әдебиет емес, дүниетанудағы адамның сан сұрақтарына жауап іздейтін күрделі философиялық еңбек болғандықтан әр бөлімін бірнеше рет қайталап оқып шығуға тура келеді. Алдағы уақытта бұл кітаптың бағасы артып, сұранысқа ие бола бастағанда қазақ тіліне аударылу қажеттілігі туындайды. Қазақ тіліне өз мағынасын жоғалтпай сауатты аударылса, көптеген жас ғалымдарға ойтүрткі болатын еңбекке айналатыны сөзсіз. Әсіресе, өкінішке орай қазіргі қоғамда гуманитарлық және жаратылыстану деп ғылымды екіге бөліп тастағанымен қоймай, гуманитарлық ғылымның қадірін кетіріп жүргені үлкен қателік. Гуманитарлық шығармалардың технократ генийлерге идея беретінін неге мойындамайтынымыз түсініксіз.

Қоғамда түрлі адамдар бар, алайда қоғамдық сананы құрайтын ортақ принциптер бар. Адамгершілік, мораль құқықтық нормалардың шектеулі түсініктерінен биік тұратын философиялық таным бар. Қазақ дүниетанымындағы ерекшелік өмір жайлы ойлана отырып ар жақта отырған белгісіз сұхбатшымен тілдесу, сұрақ тастау. Абайдың қырқыншы қара сөзі мен жыраулар поэзиясында бұл әдіс көп қолданылған. Философиядағы осы сұрақты қоя отырып жауап беру стилін Б. Колумбаев көп қолданған. Тіпті шамадан көп деуге болады. «Адам хроно-топосы» мазмұны күрделі болғанымен жалпы тілі жеңіл, тіпті арасында белгілі кинофильмдердегі сөз тіркестері мен ел арасында тарап кеткен әзіл сөздер жиі кездеседі. Алайда тілі жеңіл болғанымен адамды еріксіз миын шайқалтып жіберіп қана қоймай пендешілік пен адамшылықтың арасын ажыратудың соншалықты қиындықпен келетінін дәлелдейді. Эстетикалық талғамы оянбаса, даналыққа құштар болмаса адам болмысын тануға қоғам алға бір қадам да баспайды.

Ойшыл «варвар» сөзін қазақшаға «бәрі бір» деп аударарды. Бір қарағанда күлесің әрі жылайсың. Осы «бәрібір» маған, саған, оған немқұрайлылық шектен шыққанда орны толмас өкініштерге алып келеді. Қазақстандағы өзен-көлдердің тартылуы, ауаның ластануы, топырақтың эрозиясы, құстардың азаюы, киіктердің жойылуы, ана тілінің қолданылу деңгейі мен салт-дәстүрмен астасып жататын асыл дініміздің әр ағымның талауына түсіп жатқаны «бәрібір». Өркениетті техногенді замандағы үңгірлік санамен әлемге көз тастайтын мәдениетті варвар адамдарға айналдық. Қазақта «сен тимесен, мен тиме бадыраң көз» деп адамгершіліктен жұрдай адамға қаратып айтқан. Б.Е. Колумбаев осылайша бүгінгі қоғамдық санада қалыптасқан білімнің мерейі үстем Ф. Бэконның «Білім күш» идеясын талқандайды. Білімді ұрпақтан гөрі айналасына немқұрайлы қарай алмайтын рухы биік жастарды тәрбиелеп қана қоймай дербес тұлғаға айналуға жетелейді.

«Адам хроно-топосы» қазақ философиясында бұрын-соңды кездеспеген түс туралы жазбаларымен ерекшеленеді. Адамзаттың қысқа өмірі құпияларға толы. Көнеден бүгінге дейін құпия болып келе жатқан түс көруді зерттеуге қанша тырысса да ғылым жауап таппай келеді. Бұған ғалым өз теориясын ұсынады, соған жалпылама қысқаша талдау жасап көрейік. Б.Е. Колумбаевтың пайымдауынша адамның жаны денеге байланған тұтқын. Ұйқыны «кіші өлім» дейді қазақта. Ұйқыда адам жаны еркіндікке шығады. Сол сәтті пайдаланып адам ояу уақытта жасай алмаған істерін жасап, айта алмаған сөздерін айтады, немесе о дүниелік болған жақындарымен кездесіп келеді. Себебі адам түпсанасында еркіндікке шыққан уақытын ояу сәтінде алаңдатып жүрген нәрселерге арнайды. Сонымен қатар ойшыл уақыт пен кеңістікті керемет тәпсірлейді. Қысқаша мағынасын өз түйсінгеніміз бойынша жеткізер болсақ мынадай: адамның көп уақыты тұрмыстың игілігіне жұмсалады (тамақ ішу, ұйықтау, әлеуметтік желілер, шоппинг т.б.). Адам тәнінің қажеттілігіне жұмсалған уақыт — өлі уақыт, яғни тоқтап тұрады, ал кеңістік жоғалады. Адам өзінің болмысын ашқан жағдайда ғана уақыт қозғала бастап, кеңістікте өз орнына жайғасады. Неғұрлым әр күнімізді кешегіден де пайдалырақ өткізсек уақыт жылжиды. Әр пенде өз уақытында өмір сүріп жатыр. Ойшыл «Иә, бірақ бұл жерде де субъективтіліктің жоқтығы туралы емес, субъективтіліктің толық болмауы туралы ойлану керек. Дәлірек айтқанда, адам үшін дүниенің уақытшалығында және дүниедегі адамның өзі үшін орын алатын әмбебап субъектілік. Уақыт субъективті түрде тыныс алады. Міне, сондықтан жан оған (бізге) «зиярат ету» дегендей, өзін үздіксіз ұсынады! Сондықтан ол әркімге және барлық нәрсеге соншалықты жақын, жасырын түрде беріледі, ол абстракциялау мағынасында (бұл мүмкін емес сияқты). Ал уақыт тек оймен алынады, бірақ белгісіз. Оны жүзеге асыруға болады, бірақ түсінуге болмайды» дейді [2; 206].

Уақыт мәселесіне келгенде ғалым дуалистік ойды ұстанады. Уақыт әр адамның өз жанында өмір сүреді дейді. Ол қуаныш қайғыда немесе ерекше өмірдегі сәттерде көрініс табады, қалған күнделікті жұмыс пен үй, тамақ пен ұйқы арасында демалады. Генийлер үшін ғана уақыт тоқтаусыз жұмыс істейді, тіпті ұйқыда жатса да. Адам рухы өз кеңістігін тауып сол уақыты мен кеңістігін үйлесімдікте ұстап болмысын танып алмаса уақыты бос уақытқа айналады, яғни нөл жоқ уақыт. Адамның рухы іштей уақыты санаулы екенін сезсе де, бірақ қанша уақытын адамдығына, ал қаншасын пенделігіне жұмсағанын біле алмайды. Өзінің ғарышпен байланысын түсінеді, сондықтан кеңістікте жоғалып елеусіз қалмас үшін жаны мазасыз күйге еніп тыным таппайды. Ал осы уақытқа дейін «рух» оны сипаттауға барлық талпыныстармен, түсініксіз, бірақ шексіз «түсіндіруге» — ғылымнан мистицизмге дейін мүмкіндіктерді қалады. Б. Колумбаев «Бірақ рухты «тану» оны ұмыту болып табылады. Ол өзін-өзі бекітуде емес, өзін-өзі ұсынуда мәнге ие бола бастайды. Өзін-өзі растау кезінде ол күйрейді. Өнерде уақыт «рухты» құрбандыққа салып қозғалады. Өнерде ол уақыт өткен сайын оянып, оған образдар арқылы жауап береді. Адамгершілік мәселесінде «рух» өздігінен уақыт өте келе ашылады. Таным мәселесінде «рух» уақытша

шартты түрде жойылады. Сонымен, бейнелер рух пен уақыттың феноменальды фрагменттері (хроно-топостан) болып табылады. Ал оларсыз өнер мүмкін емес» дейді [2; 242].

Адамзат жаралғаннан бері уақыт пен кеңістік мәселесі шексіз тақырып. Қаңғыбастар не себепті суицидке бармайды? Сыртынан қарап тон пішетіміз рас-ау, бұлай әркімге жиіркенішті көрініп өмір сүргенше өлген артық деген ой келеді. Ал шынында олар үшін өмірдің мәні неде деген сұрақ қойылмайды, себебі рухы өлген. Рухы — өлі, тәні — тірі, рух болмаса тән ауырмайды, күйзеліске түспейді. Ол уақыт пен кеңістіктен тыс өмір сүріп жатыр. Керісінше төрт құбыласы тең адамдардың суицидке баруы жиі кездеседі. Мысалы Э. Хэмингуей, Есенин, Маяковский, кешегі талантты қазақ жазушысы Аягүл Мантай, айта берсек көп. Әйгілі адамдардың оның ішінде шығармашылыққа жақын адамдардың күйзеліске түсуі белгілі жай. Ал олардың суицидке баруын қалайша түсіндіреміз. Мүмкін мұның бір себебі уақыт пен кеңістікте өз болмысынан адасып қалуында жатыр ма екен? Міне, көрдіңіз бе қазақ философиясын дамытудың не себепті қажеттілігін? Философия жеке адамның ішкі күйзелісінен бастап ұлттың мінез-құлқын тәрбиелеуге дейін үлкен жүк алған.

Қорытынды

Мақалада «Адам хроно-топосы» еңбегінің тамшыдай бөлігін ғана еңсердік. Тұтас талдап мазмұнын ашу үшін ана тілімізге жедел аударылуы керек. Қазақтың шынайы адамзаттық бейнесін қайтаратын терең идеялы философиялық еңбек ретінде оқырманның сүйіп оқитын еңбегіне айналатын сәттер алдымызда күтіп тұрғанына сеніміміз мол. Қазақ философиясында осындай еңбектің шығуы ғылымдағы қуантарлық оқиға. Абай «Адаспай тура іздеген хакімдер болмаса дүние ойран болар еді» дейді [4; 148]. Адамзатқа ақ жол іздейтін философ ғалымдардың еңбектері қазақ халқына пайда берер күндер де алыс емес.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Шәкәрім. Қазақ айнасы. Өлеңдер мен поэмалар / Шәкәрім. — Алматы: Атамұра, 2003. — 296 бет.
- 2 Колумбаев Б.Е. Хроно-топос человека / Б.Е. Колумбаев. — Караганда: Изд-во НАО «Караганд. ун-т им. акад. Е.А. Букетова», 2021. — 318 с.
- 3 Хайдеггер М. Время и бытие: Статьи и выступления / М. Хайдеггер. — М.: Республика, 1993. — 447 с.
- 4 Екі томдық шығармалар жинағы: Т.2 / Абай (Ибраһим Құнанбаев). Аудармалар мен қарасөздер. — Алматы: Жазушы, 2020. — 200 б.

А.Б. Никамбекова

Хроно-топос слова и души в произведении «Хроно-топос человека»

В статье проведен анализ нового научного труда философа Б.Е. Колумбаева «Хроно-топос человека». В этой книге ученый глубоко затрагивает вопросы бытия человека, Вселенной, пространства и времени, мировоззрения. Автор статьи рассмотрено значение работы «Хроно-топос человека» для комплексного изучения столь сложных вопросов казахской философии. Мысли об истинной природе человечества всегда были актуальны в обществе. В произведении душа, тело, дух, сознание и безграничные возможности времени в ограниченное время заставляют почувствовать свободу мировоззрения казахского народа. Б.Е. Колумбаев дает иную трактовку многим философским понятиям, таким как творение, время, пространство, знание, сознание, мировоззрение. Человечество пытается ответить на тысячи вопросов, возникающих на жизненном пути человека. Почему наука бессильна дать ответы на различные вопросы, волнующие человека, будь то явление или сущность. В этом произведении говорится, что смысл человеческого существования можно раскрыть, научив людей правильно мыслить. То есть, познавая мир, человек достигает желания своей души. Аспекты истины показывают, что человек есть малая часть всего мира, грешный человек — ничтожное существо. Через произведение «Хроно-топос человека» он пытается объяснить, что чем больше человек стремится к духовному совершенству, чистоте, добру, совести, чести, героизму, тем ближе он становится к истине. Мы считаем, что эта работа ученого является большим прорывом в философской науке. Это связано с тем, что содержание произведения, полного философской глубины, показывает взаимоотношения человека и мира, образ жизни и осмысленную жизнь.

Ключевые слова: мировоззрение, хронотоп, бытие человека, время, пространство, дух, свободный разум, познание, сознание.

A.B. Nikambekova

Chrono-topos of the word and soul in the work “Chrono-topos of Man”

This article analyses a new scientific work of philosopher-scientist B.E. Kolumbayev “Chrono-topos of Man”. In this book, the scientist touches deeply on questions of human existence, universe, space and time, as well as world outlook. The significance of the work “Chrono-topos of Man” for the complex study of such complex issues of Kazakh philosophy is discussed. Thoughts on the true nature of mankind have always been relevant in society. In this work, the soul and body, spirit, consciousness, limitless possibilities of time in a limited time make one feel the freedom of the worldview of the Kazakh people. We believe that this work of the scientist is a great breakthrough in philosophical science. B.E. Kolumbayev gives a different interpretation of many philosophical concepts, such as creation, time, space, knowledge, consciousness, and worldview. Mankind is trying to answer thousands of questions that arise in the life of a person. Why science is powerless to give answers to various questions that concern a person, whether it is a phenomenon or an entity? This work says that the meaning of human existence can be revealed by teaching people to think correctly. That is, cognizing the world, a person achieves the desire of his soul. Aspects of truth show that man is a small part of the whole world, a sinful man, an insignificant being. Through the work “Chrono-Topos of Man”, the author tries to explain that the more a person strives for spiritual perfection, purity, goodness, conscience, honor, heroism, the closer he becomes to the truth. This is due to the fact that the content of the work, full of philosophical depth, shows the relationship between man and the world, a way of life and a meaningful life.

Keywords: worldview, chronotope, human existence, time, space, spirit, free mind, knowledge, consciousness.

References

- 1 Shakarim, (2003). Qazaq ainasy. Olender men poemalar [Kazakh mirror. Songs and poems]. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 2 Kolumbaev, B.E. (2021). Khrono-topos cheloveka [Chronos-topos of man]. Karaganda: Karagandinskii universitet imeni akademika E.A. Buketova [in Russian].
- 3 Heidegger, M. (1993). Vremia i bytie: Stati i vystupleniia [Time and Being: Articles and speeches]. Moscow: Respublika [in Russian].
- 4 Abai (Ibrakhim Qunanbaev). (2016). Eki tomdyq shygarmalar zhinagy [Collection of works in two volumes]. (Vols. 1-2; Vol. 2). Audarmalar men qarasozder [Translations and sayings]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].